

№12 Жалпы орта мектеп
0 «Балапан» мектепалды даярлық сыныбы.

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттамасы № 1**

Күні : 05.09.2022ж

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1 Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
- 2 Баяндама: «Менің отбасым және ондағы менің орыным»
- 3 Ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша сынып жетекшісі сөз алды. Жаукимова Нургул Тузелбаевна топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстырды. Ендігі кезекте ұйыдастырылған оқу қызметінің тәрбие жұмыстарын жүргізетінін айтты.

Екінші мәселе бойынша сынып жетекшісі сөз алды. Жаукимова Нургул Тузелбаевна «Менің отбасым және ондағы менің орыным» атты баяндаманы оқыды. Жарыс сөзге шыққан ата-аналар Жексенбиева Мәлдір мен Есіркепова Ақтолқын баяндама мазмұнының дұрыс айтылғанын айттып өз пікірлерін білдірді.


Үшінші мәселе бойынша сынып жетекшісі Жаукимова Нургул Тузелбаевна балалар тізімін таныстырып ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды. Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Есіркепова Мадина деп шешті.

Қаулы:

- 1 Ата-аналар мен сынып жетекшісі өздеріне қойылған талаптарды өз деңгейінде орындасын.
- 2 Баяндама оқылды.
- 3 Ата-аналар комитетінің төрайымы Есіркепова Мадина болып бекітілсін.

Сынып жетекшісі:

Хатшы ата-ана:



Жаукимова Н

Бердешова Б

№12 Жалпы орта мектеп
«Балапан» мектепалды даярлық сыныбы.

«Менің отбасым және ондагы менің орным»

Баяндама



Сынып жетекшісі: Жаукимова Н.Т

2022-2023ж

«Менің отбасым және ондағы менің орным»

Мақсаты: Тәрбиенің ең тамаша ортасы отбасы, екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін ұқтыру, бала мен қарым-қатынасты жақсарту. Ата-анаға баланың жан дүниесін түсіне білуге кеңестер беру. Ұлттық тәрбиенің маңызы зор екенін айтып түсіндіру.

«Бала ойынына талаптар», «Бала дамуының көрсеткіштері» «Тіл дамыту негіздері». Жыл бойына жүргізілетін жоспарларды ата-аналар мен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі заман талабына са ата-аналар өзекті мәселелерді әр түрлі тақырыптарды өздері ұсына алады. Бүгінгі жас отбасылар-еліміздің ертенгі – рухани кемелдену дәрежесіне жеті үшін ұлттық тәрбиенің де алар орны ерекше. Қазақстан мемлекеті үшін бар білімі мен қабілетін сарап ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халқының тарихын діні мен мәдениетін, жеке тұлға тәрбиелеу-жалпы жұртшылық әкімшіліктер мен білім беру мекемелердің басты міндеті. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қазақ халқына арналаған Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азамттарының отаншылдық сезімімен өз еліне деген сүйіспеншіліктерін дамытуға тиіспіз және оларды қалыптастыру басты міндеттеріміздің бірі.» деген сөзін басшылыққа ала отырып, балабақшада ата-аналардың қатысуы мен «Менің Қазақстаным» атты ұлттық тәрбие жұмысын жүргіздім. Мұндай шаралар аналардың және балалардың бойына жақсы қасиеттерді қалыптастырады. Балалардың шығармаларын шындай түсу мақсатында «Біз бақытты отбасы» атты сайысын көрсету, қол өнер шеберліктерін, сауалнамалар, тестілеу тапсырмаларын орындау сияқты кезеңдерінен өте отыра өз бағаларын алды. Отбасында өсіп келе жатқан ұл қызға тәлім тәрбие беру мақсаты мен арнайы ата-аналарды балалар мен балабақша ауласын көгалдандыру іс-шараларына қатыстыра отыра, қоршаған ортаға табиғатты сүйе, еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттырды. Абай атамның «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болама» деген мақсаты мен ата-аналарды балаларды спорттық ойындар кешендеріне қатысуы жие жоспарланып отырады. Себебі ойындардың басты тәжірибелік мәні – болашақ ұрпақты жан-жақты дамытып, ой-өрісін өрбітеді. «Әк ем анам және мен» атты спорттық жарыс өткізіп, ата-анамен балабақшаны бір-біріне жақындастырып, қиыншылықты бірге жеңіп, табысқа жетуге баулиды. Отбасы педагогикалық процеске тарту, тәрбиеші жеке басына құрметтеп, сенімен қарауға итермелейді. Осы тұрғыда балалардың ата-аналарының үйлеріне бару, бұл мақсатта әр түрлі болуы мүмкін. Тәрбиешінің отбасына баруы, ата-аналарда тәрбиешінің жеке басы туралы көз қарастарын, оның балаларының қарым-қатынас тәсілдері мен әдістері жайлы түсініктерін қалыптастырады. Тәрбиеші сонымен қатар ата-аналардың нені қадірлейтінін, өмір жағыдайы психологиялық ахуалы туралы мәлімет алады. Осы мақсатта ата-аналарды топ өміріне тартып, әр түрлі бірлескен іс-әрекеттер түрлерін, мерекелер мен сауық кештерінің ұйымдастырылуы қажет. Толық емес отбасында тәрбиеленіп жатқан балаларға ата-аналардың толық мүмкіншіліктері жетпей жатқанда, қаржы мәселесін тұрмыстық мәселенің шешуін таба

алмай, еңселері түсіп жүрген ата-аналарға психологиялық тұрғыдан көмек болатындай баяндамалар кеңестер ұсынамын. Бұл отбасылардың өмірдің бастарына түсірген тауқыметіне қарсы тұра алатындай өмірге тез бейімделіп кетуіне себеп болады. Ұжымымызда әлеуметтік жағыдайы төмен көп балалы отбасына көмек ұйымдастырылады. «Қайырымды болсаң өзгеге, шапағаты тиер өзіңе» акция ұйымдастырылды. Отбасы мен балабақша – бұл екі тәрбиелік феномен. Әрқайсының әлеуметтік тәжірибесі балаға берері бөлек, алайда екеуінің үйлесімділігі кішкентай баланың үлкен өмірге ыңғайлы ықпал жасайды. Ата-аналар және балабақшаның өз ара қарым-қатынасының бірден қалыптасуы сирек кездеседі. Бұл ұзақ мерзімді процесс, таңдалған мақсаты ұдай зерттеуі, шыдамдылықты талап етуші, ұзақ еңбекті қажет ететін еңбек. Сондықтан ұйымның өзара қарым-қатынасы өте қиын жұмыс. Оның нәтижесі педагогтың шыдамдылығы мен талапшылығы мен оның отбасында кәсіби көмекші болу іскерлігі мен анықталады. Барлық бұл әрекеттер әрбір баланың ойлау және танымдылық қасиеттерін шығармашылық қасиеттерін, ең басты, оны жеке тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталады. Осы баяндаманы аяқтай отыра, Ғабиден Мұстафин (Балаға сіңірген ата-ана еңбегін бала өмір бойы ақтап бола алмайды, ол өл-өлгенше суынбайтын махаббат) делінген. Менің ойымша, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса ғана, елдің болашағы зор болмақ. Ата-аналардың оқу мен тәрбие үрдісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса ғана жемісті болады.

№12 Жалпы орта мектеп

0 «Балапан» мектепалды даярлық сыныбы.

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттамасы № 2**

Күні : 13.12.2022ж

Қатысқаны: 14

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1 «Бала тәрбиелеуде ұстазбен ата-ананың рөлі» тақырыбында баяндама.
- 2 Жаңа жал мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру.
- 3 Ертеңгілікке берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша сынып жетекшісі Жаукимова Нургул Тузелбаевна баяндама оқыды. Ата-аналар баяндаманы тыңдап ризашылығын білдірді.

Екінші мәселе бойынша сынып жетекшісі Жаукимова Нургул Тузелбаевна балаларға өтілетін ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып катысамыз деп шешті.

Үшінші мәселе бойынша сынып жетекшісі Жаукимова Нургул Тузелбаевна жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты.

Сонымен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға билейтін номерлері бар екенін, оларға арнайы киімдердің керектігін айтып өтті. Ата-аналар сыйлыққа және киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

Қаулы:



1 Баяндаманы сынып жетекшісі Жаукимова Нургул Тузелбаевна оқыды. Ата-аналар өз деңгейінде оқылғанын айтты.

2 Ертеңгіліктің өз деңгейінде өтуі сынып жетекшісі Жаукимова Нургул Тузелбаевна қадағалау тапсырылсын.

3 Жаңа жылдық ертеңгіліктегі киімдері мен сыйлықтар ата-аналарға жүктелсін.

Сынып жетекшісі:

Хатшы ата-ана:

Жаукимова Н

Есенбекова М

№12 Жалпы орта мектеп
«Балапан» 0 «Балапан» мектепалды даярлық сыныбы.

«Бала тәрбиелеуде ұстазбен ата-ананың рөлі»

Баяндама



Сынып жетекшісі: Жаукимова Н.Т

2022-2023ж

«Бала тәрбиелеуде ұстазбен ата-ананың рөлі»

1. Бала тәрбиесі
2. Ата — ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға
3. Бала тәрбиесіндегі ұстаздың рөлі.

Қай елде, қай кезде болмасын, бала тәрбиесін ерекше дамытушы да, ілгері апарушы да-балалар, яғни бүгінгі ұрпақ-ертенгі елдің болашағы.

Мен баяндамамның алғы сөзін шығыс ғұламасы Әл-Фарабидің сөзінен бастағым келеді: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың хас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» делінген.

Осыған байланысты мектебімізде баланы өмірге бейімдеуде мектеп, мұғалім және ата-ананың орны бөлек.

Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата — ана мен ұстаз. Болашақ десек те, келешек десе де бала — ұрпақ деген мағынаны білдіреді.

Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы — дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу.

Бала тәрбиесі — бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» — демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата — ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата — аналар іс — жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат.

Жас ұрпақ біздің өміріміздің тікелей жалғастырушы ғана емес, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы. Адамзаттың өмірдегі ең қымбаттысы, көз қуанышы — бала. Бала — дербес тұлға. Оның бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада нәрленеді. Баланың бас ұстазы — ата — анасы. Тәрбие үрдісінің бір тарауы отбасымен жұмыс десек, отбасынан басталатын тәрбие мектеп өмірінен жалғасын табады. Қазақтың отбасында өмірге келген әр бала ес біліп, етек жыйғанша, негізінен әке мен ананың тәрбиесінде болады. Бүгінгі мақсат — әрбір бала түбегейлі біліммен мәдениеттің негіздерін білу және олардың жан — жақты дамуына ата — ана, мектеп жағдай жасауы керек. Сондықтан сіздерге балаларыңыздың мектептен барлық мүмкіндіктерді пайдаланып білім алу мен тәрбие жұмыстарына қатыстырып өзін — өзі басқаратын азамат болуына ат салысу қажет.

№12 Жалпы орта мектеп

0 «Балапан» мектепалды даярлық сыныбы.

**Ата-аналар жиналысынын хаттамасы.
Хаттамасы № 3**

Күні : 18.05.2023ж

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 1

Күн тәртібі:

Тақырыбы

«Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»

Мақсаты:

1. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
2. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Күн тәртібінде:

1. Баяндама «Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»
2. Төртінші оқу тоқсанының қорытындысы

Тыңдалды:

1. Мәселе

Баяндама «Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»

Мақсаты: әлпештеген әке мен аялаған ана арқылы өрбіген туыстар сыйластығы, жанұядағы үлгі тұтар ата - ана тәрбиесі берген әдептілік, ізет, құрмет туралы пікір қозғаймыз.

Нақыл сөздер:

1. Қызың өссе, гүлдей болсын деп тіле.
2. Отбасының қос шынары: ата мен әже.
3. Ана - жараға жапырақ.
4. Қарындасың сыйламағанның қары сынсын.

2-мәселе бойынша екінші оқу тоқсанының қорытындысы

Төртінші тоқсанының қорытындысы бойынша сынып жетекшісі Жаукимова Айгул Тузелбаевна айтып өтті.

Қаулы :

Ата-аналар жиналысы төмендегідей қаулы қабылдады:

1. « Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы» атты баяндама тыңдалды.

Сынып жетекшісі:


Хатшы ата-ана:

Жаукимова Н

Есіркепова Т

№12 Жалпы орта мектеп
«Балапан» 0 «Балапан» мектепалды даярлық сыныбы.

«Отбасындагы сыйластық - әдептілік бастауы»
Баяндама



Сынып жетекшісі: Жаукимова Н.Т

2022-2023ж

«Отбасындағы сыйластық - әдептілік бастауы»

Отбасы – сыйластық пен жарастық орнаған кішкентай Отан. «Отан – отбасынан басталады» деген ұлағатты сөз осыған орай айтылса керек. Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Адам өмірі отбасынан басталады және азамат болып қалыптасуы да осында өрбиді. Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың алтын арқауы.

Отбасы – табиғат сыйлаған ғаламаттардың бірі. Жеке адамның бойындағы ар-ұятын, ақыл-ойын, адамгершілігін, мәдениеттілігін тәрбиелеуде отбасы – алғашқы қадам әрі өте қажетті, басқадай еш нәрсемен өзгертуге болмайтын баспалдақ. Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті де біз отбасын Отанның кішкентай бір бөлшегі ретінде қарастырамыз. Айрандай ұйыған, тату тәтті, бірлікте өмір сүріп жүрген қарапайым қазақ отбасыларын «Отбасы шағын мемлекет» ұғымына сыйғызуға болады. Менің атам мен әжем көпбалалы отбасынан шыққан. Қазақ қашанда немере-шөберенің санын айтпаған. Сондықтан, мен де Алла берген немерелерінің бірімін. Біздің қара шаңырағымыздың ақылшысы, арқа сүйеріміз – әкем, қамқоршымыз – анам. Сондықтан,

«Әке – асқар тау,

Ана – етегіндегі бұлақ,

Бала – жасындағы құрақ» – деген осы болса керек. Ата-анасын, аға-сіңлілерін сыйлай білген, бауырларын бағалай білген адам, менің ойымша, қоғамда ізгі ниетімен еліне, оның дамуына зор үлесін қосатынына сенімдімін. Өйткені, менің әке-шешем де еліне қызмет ете жүріп, бізді бағып-қағып, жақсы тәрбие беріп, оқытып, қатарға қосқан абзал жандар. Мен ата-анамды қашанда мақтан тұтамын. Олар біздің еркелігімізді, аяғымызды шалыс басып сүрінген кездердегі қателігімізді түсініп кешіре білген оны түзетуге ақыл-кеңесін беріп, кен дүнненің тек тәтті тұстарын көрсетуден, жақсылыққа итермелеуден жалықпайтын аяулы жандар. Ал, отбасы мақтанышы дегенде тағы да «ең бірінші мақтанышым – ата-анам» деп айтар едім. Ата-анам балалары үшін жақсылықтың жаршысы бола білді. «Жақсы әке балаға 40 жыл азық» дегендей балалары «менің әкем», «менің анам» деп үлгі тұтса, ата-ана «міне, менің балаларым» деп мақтаныш етіп отырса, бұл отбасы ажырамас алтын дінгегі. Әсіресе, отбасында қыз баланың тәрбиесінде ананың рөлі басым болады. Менің анам бізге қыз балаға тән нәзіктікті, ең бірінші «әкелерінді сыйлаңдар, ренжітпедер», деп айтып, әкені сыйлауды, жалпы ер азаматты сыйлауды үйретіп отыратын.

Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбиелеушілік міндеті, оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгісі – баланы өмірге келтіру ғана емес, сонымен бірге оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын қабылдаттыру, аға ұрпақтың тәрбиесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңіру, яғни балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру әке-шешенің ең маңызды міндеті. Ата-ананың, басқа да отбасы мүшелерінің өмір сүру тәжірибесі, жүріс-тұрысы,

өз міндеттерін таза атқару, бір-бірін құрметтеп сыйлауының бәрі де үлкен мектеп, тәрбиелік мәселе.

Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне «сен» деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі, үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде қаншама мән жатыр десенші. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесін үл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыруыда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі. Үлкенді құрметтеу отбасы мүшелерінің бір-бірінің тәрбиесіне жауапкершілік, борыштылық, адамгершілік сезімдерін туғызған.

Отбасы – адамзат баласының дүниеге шыр етіп келгенде, есігін айқара ашып енетін үйі, өсіп ержететін, тәрбие алатын аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі. Қай заманда, қай елде болмасын отбасының адамзат ұрпағына ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа еш нәрсемен алмастыра алмайсын.

Отбасынан тыс та тәрбие бар. Ол қазақта «Ұлың өссе, ұлы жақсымен, қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол», – дегені. Ата-ананың жүріс-тұрысы, сөйлегені, іс-әрекеттерінің барлығы балада қалыптасады. Сондықтан, баланың алдында ата-ана өте байсалды, сабырлы болып, жақсы тәрбие көрсетуі керек. Мәселен, Абай атамыздың он тоғызыншы кара сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды...» деп өсиет айтқан. Заманға сай отбасында бала тәрбиелеу аса үлкен жауапкершілік пен білімді талап етеді. Қазақ үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өмірге келген нәрестеге ана махаббаты мен кіршіксіз таза көңілі ауадай қажет. Бұл тұрғыда Мағжан Жұмабаев: «Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым күрделі, талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн» – деген екен. Ал, Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: «Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер» дегені бар. Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өз басқару жүйесі әртүрлі болады. Осы сияқты әр отбасының өз тактикасы, басқару жүйесі болады. Ұрпақтың ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасатыны шындық.

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін ана, бұлар – жанұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен ананың баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті» болып өсуі. Қазақ халқы отбасындағы тәрбиені ең бірінші орынға қойған. Ата-ана балаларына қандай тәрбие берсе, ертең ол бала өскенде сол тәрбие арқылы өмірдің жаңа баспалдақтарынан өтеді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деп қазақ халқы бекер айтпаған. Әкенің «батырым», шешенің «құлыным» деген сөзін естіген балада жақсы сезім туатыны белгілі. Ғ.Мұстафинның «Ата-ананың міндеті – баланы тәрбиелеу

және жақсылыққа үйрету» деген сөзінде көп мән жатыр. Иә, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу әр ата-ананың арманы және борышы екені даусыз. Әрқашан «Отбасының жемісі – тәрбиелі ұлы мен қызы» деген, мақтан етер ұрпағымыз көбейсін. Ұрпағына мақтаныш болар қазыналы қарттарымыз жасай берсін. Қазақтың әр отбасының керегесі кен, шаңырағы берік, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!